**Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі әзірлеген 6В01740 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының білім беру бағдарламасына**

# ПІКІР

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының жоғары білім беру бағдарламасы 6В01740 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, мамандық классификаторы, еуропалық біліктілік шеңберімен келісілген Дублиндік дескриптор негізінде жасалған.

Білім беру бағдарламасындағы құзіреттіліктер, атап айтқанда, кәсіби қызметінің өрісі, кәсіби қызметінің объектілері, кәсіби қызметінің пәні, кәсіби қызметінің түрлері, кәсіби қызметінің функциясы, кәсіби қызметінің типтік міндеттері түсінікті әрі нақты жазылып, болашақ маманның бойында болуы тиіс қасиеттерге аса мән берілген.

*Берілетін дәреже:* «6В01740 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» бойынша білім бакалавры. Білім беру траекториясы – Әдіскер педагог/Тілтанушы.

«Марғұлантану», «Аймақтық тұлғатану» пәндері мектептегі өзгерістерді ескере отыра енгізіліп, студенттерді жан-жақтылыққа дайындаса, «Бағалаудың өлшемдік технологиялары», «Инклюзивті білім беру», «Оқушылар мен мұғалімнің зерттеу қызметінің негіздері», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» сияқты заман сұранысына сай пәндер орынды енгізіліп, болашақ мұғалімдердің кәсіби біліктілігін шыңдауда тигізер пайдасы зор деп есептеймін.

Аталған мамандыққа арналған жоғары білім берудің білімдік бағдарламасы тиісті талаптарға сай жасалып, мүмкіндігінше студент меңгеруі тиіс, қажет мәселелерге көңіл бөлінген. Бағдарлама жинақы, нақты, түсінікті жасалып, қазіргі білім беру жүйесіне негізделген.

Осындай жоғары білім берудің білімдік бағдарламасы бойынша білім алған студенттен болашақта білікті де білімді, өз ісін жетік меңгерген, жан-жақты, өз мамандығына адал маман шығады деп ойлаймыз.

Ы.Алтынсарин атындағы
дарынды балаларға арналған облыстық
қазақ-гимназия интернатының директоры Ш.Т.Қалдыбаев